

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге және оның Хаттамасына қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 қарашадағы N 1109 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімнің және оның Хаттамасының жобалары мақұлданысын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Наталья Артемовна Коржоваға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге және оның Хаттамасына қол қоюға өкілеттік берілсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.05.27. N 463 қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН МАЛАЙЗИЯ
ҮКІМЕТІ
АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСҚА САЛЫНАТЫН САЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ
ҚОСАРЛАНҒАН
САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ САЛУДАН ЖАЛТАРУҒА
ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметі Табысқа салынатын салыққа қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуға ниет білдіре отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

1. Осы Келісім алу әдістеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға салынатын салықтарды, кәсіпорындар төлейтін қызметақының немесе жалақының жалпы сомасынан алынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жеке элементтерінен алынатын барлық салық табысқа салынатын салықтар болып саналады.

3. Осы Келісім қолданылатын қазіргі салықтар мыналар болып табылады:

а) Қазақстан Республикасында:

(i) корпорациялық табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(бұдан әрі - "Қазақстан салығы" деп аталатын);

б) Малайзияда:

(i) табыс салығы;

(ii) мұнай табыс салығы;

(бұдан әрі - "Малайзия салығы" деп аталатын).

4. Осы Келісім сондай-ақ Осы Келісімге қол қойылған күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе солардың орнына алынатын бірдей немесе кіріске салынатын мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің салық салуға қатысты заңнамаларында жүргізілетін кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

3-бап

ЖАЛПЫ АЙҚЫНДАМАЛАР

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін, мына терминдер:

а) "Қазақстан" Қазақстан Республикасын білдіреді және, географиялық мағынасында қолданғанда "Қазақстан" термині оның заңнамасына және ол қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егемендік құқықтары

мен заңды құзырын жүзеге асыра алатын аймақты қамтиды;

b) "Малайзия" Малайзия Федерациясы аумағын, Малайзия аумақтық суларын, теңіз түбін және аумақтық су қойнауларын білдіреді және Малайзия аумақтық суларынан тыс жердегі кез келген аймақты және аймақ болып табылатын немесе Малайзия заңнамасымен және халықаралық құқыққа сәйкес және болашақта белгіленуі мүмкін, Малайзия органикалық, сондай-ақ, неорганикалық табиғи ресурстарды барлау мен өндіру мақсатында егеменді құқықтарын жүзеге асыратын осындай аймақтың теңіз түбі мен қойнауын қамтиды;

c) "тұлға" жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін білдіреді;

d) "компания" салық салу мақсаттары үшін корпорациялық құрылым ретінде қарастырылатын кез келген корпорациялық құрылымды немесе кез келген тұлғаны білдіреді;

e) "Уағдаласушы Мемлекет" және "екінші Уағдаласушы Мемлекет" түпмәтінге байланысты Қазақстанды немесе Малайзияны білдіреді;

f) "Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" және "екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны" тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

g) "ұлттық тұлға":

(i) Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) өзінің мәртебесін Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы негізінде алған кез келген заңды тұлғаны, серіктестікті, қауымдастықты немесе кез келген басқа да құрылымды білдіреді;

h) "халықаралық тасымал" теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің пункттері арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорыны пайдаланатын теңіз немесе әуемен кез келген тасымалды білдіреді;

(i) "құзыретті орган":

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Малайзияда: Қаржы министрін немесе оның уәкілетті өкілін білдіреді.

2. Уағдаласушы Мемлекеттер осы Келісімді кез келген уақытта қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзге мағына туындамаса, осы Мемлекеттің осы келісім қолданылатын салықтарға қатысты заңнамасы бойынша сол кезде ие болатын мағынаны иеленеді. Осы Мемлекеттің қолданыстағы салық заңнамасы бойынша терминнің кез келген мәні осы Мемлекеттің басқа заңнамалары бойынша термин берілетін мәнге қарағанда басымдыққа ие болады.

4-бап

РЕЗИДЕНТ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті" термині осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес оның тұратын жері, резиденттігі, басқару орыны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ Мемлекеттің өзін, оның саяси бөлімшесін, орталық және жергілікті билік органын немесе уәкілетті органды қамтиды. Алайда осы термин осы Мемлекеттегі көздерден алынатын кіріске қатысты ғана осы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қамтымайды.

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылатын жағдайда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады :

а) ол өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы бар Уағдаласушы Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады. Егер оның иелігінде Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің резиденті болып саналады;

б) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Мемлекеттердің ешқайсысында өзінің иелігіндегі тұрақты баспанасы болмаса, онда ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің резиденті болып саналады;

с) егер ол әдетте екі Мемлекетте де тұрса немесе олардың ешқайсысында да тұрмаса онда ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің резиденті болып саналады;

д) егер резиденттің мәртебесі алдағы тармақшаларға сәйкес айқындалмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселе бойынша шешімді өзара келісім бойынша қабылдайды.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, онда оны тиімді басқару орыны орналасқан Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады.

5-бап

ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін "тұрақты мекеме" термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын білдіреді .

2. Атап айтқанда, "тұрақты мекеме" термині мыналарды қамтиды:

а) басқару орын ;

б) бөлімшені ;

с) кеңсені ;

d) ф а б р и к а н ы ;

e) ш е б е р х а н а н ы ;

f) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, ағаш әзірлеуді немесе басқа да ағаш өндіруді қоса алғанда кенішті немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген к е н о р н ы н ;

g) ферманы немесе плантацияны;

h) 6 айдан астам жұмыс істейтін құрылыс алаңын немесе құрылыс, монтаждау немесе құрастыру объектісін;

i) егер тек мұндай пайдалану 6 айдан астам уақытқа созылса, табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыны немесе ғимаратты, немесе бұрғылау қондырғысын, немесе кемені қамтиды.

3. Егер ол осы екінші Мемлекетте қадағалау қызметін мыналарға:

a) құрылыс алаңына немесе құрылыс, монтаждау, немесе құрастыру объектісіне, н е м е с е

b) осы екінші Мемлекетте табиғи ресурстарды барлау үшін пайдаланылатын қондырғыға немесе ғимаратқа, немесе бұрғылау қондырғысына немесе кемеге байланысты 6 айдан артық уақыт жүзеге асырса Уағдаласушы мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар болып саналады.

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан "тұрақты мекеме" термині м ы н а л а р д ы :

a) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын өзге кәсіпорынның қайта өңдеуі мақсаттары үшін ғана ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды қамтитын ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер оған 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, тек егер оның қызметі 4-тармақта айтылған ережелермен шектелмесе, ол егер кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орны арқылы жүзеге асырылса да, осы кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орнын осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырылмаса, онда кәсіпорын осы тұлғаның кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызметке қатысты осы Мемлекетте тұрақты мекемесі

бар ретінде қарастырылады.

6. Кәсіпорын осы Мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметін делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, мұндай тұлғалардың өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасауы шартымен, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не болмаса тұрақты мекеме арқылы немесе өзгедей жолмен айналысуы) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Жылжымайтын мүлік" термині қаралып отырған мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша анықталады. Термин кез келген жағдайда жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер заңнамасының ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, мұнай немесе газ ұңғымасын, ағаш әзірлеуді немесе басқа да ағаш өндіруді қоса алғанда кенішті немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген кен орынын игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды және игеру құқығын қамтиды. Теңіз, өзен және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынған табысқа қолданылады.

4. 1 және 3-тармақтардың ережелері, сондай-ақ кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа және тәуелсіз жеке қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын жылжымайтын мүліктен алынатын табысқа қолданылады.

7-бап

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНАТЫН ПАЙДА

1. Егер кәсіпорын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекемесі арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса, Уағдаласушы Мемлекет

кәсіпорнының пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғандай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасы екінші Мемлекетте, бірақ осындай тұрақты мекемеге жататын бөлігінде ғана салық салынуы мүмкін.

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса, онда осы тұрақты мекеме нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысатын оқшауланған және жеке кәсіпорын болса, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем дербес әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда әрбір Уағдаласушы Мемлекетте осы тұрақты мекемеге жатқызылады.

3. Егер тұрақты мекеме олар қандай негізделген нысанда болсын тұрақты мекемеге жататын дәрежеде тәуелсіз кәсіпорын болса, тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде шегерім жасауға жатады-ау деген басқару және жалпы әкімшілік шығыстарды қоса алғанда, тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалмағанына қарамастан шығыстарды шегеріп тастауға жол беріледі.

4. Егер құзыретті орган билігіндегі ақпарат кәсіпорынның тұрақты мекемесіне жататын пайданы анықтау үшін жеткіліксіз болып табылса, осы бапта ештеңе осы баптың қағидаттарына сәйкес құзыретті органның билігіндегі ақпарат қаншалықты мүмкіндік беретіндей заң қолданылған жағдайда құзыретті орган қимыл бостандығын немесе бағалау құқығын жүзеге асыру арқылы тұлғаның салық міндеттемелерін анықтауға қатысты осы Мемлекеттің кез келген заңын қолдануға ықпал ете алмайды.

5. Осы тұрақты мекеме кәсіпорын үшін тауарларды немесе бұйымдарды сатып алуы негізінде ғана тұрақты мекемеге қандай да болсын пайда есептелмейді.

6. Егер осындай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, осы баптың алдағы тармақтарының мақсаттары үшін тұрақты мекемеге жататын пайда жыл сайын біркелкі тәсілмен айқындалады.

7. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында олар туралы жеке айтылатын табыс түрлерін қамтитын болса, ол баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап

ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛПІ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдаға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. 1-тармақ сондай-ақ пулға, бірлескен кәсіпорында немесе халықаралық пайдалану ұйымына қатысудан Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны алған теңіз және әуе кемелерін пайдаланудан алынатын пайданың үлесіне қолданылады.

9-бап

ҚАУЫМДАСҚАН КӘСПОРЫНДАР

1. Мынадай :

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқан ; немесе

б) сол бір ғана тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысқан жағдайда;

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржы өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда солардың біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың орын алуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін .

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайданы осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы жағдайлардай болса, онда осы екінші Мемлекет осы пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасау. Осындай түзетуді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа ережелері ескерілуі тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-біріне консультация береді.

10-бап

ДИВИДЕНДТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін .

2. Алайда резиденті дивидендтер төлейтін компания болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес мұндай дивидендтерге салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осындай жолмен алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауы тиіс.

Осы тармақ компанияның дивидендтер төленетін пайдаға қатысты салық салуын қозғамайды .

3. "Дивидендтер" термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе пайдаға қатысуға құқық беретін борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, сондай-ақ пайданы бөлетін компанияның резиденті болып табылатын Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс секілді салық реттеуіне жататын басқа да корпорациялық құқықтарынан алынатын табысты б і л д і р е д і .

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемесі арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме мен холдингке тәуелсіз жеке қызметтер көрсетсе және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың және 15-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып тұрған болса, осы екінші Мемлекет, мұндай дивидендтер осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг шын мәнінде осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болатын және де бөлінбеген пайдадан, тіпті егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен не ішінара осы екінші Мемлекетте пайда болған табыстан тұрса да компанияның бөлінбеген пайдасынан салық алынбаған жағдайдан басқа екінші Мемлекет осы компания төлейтін дивидендтерден салық алмауы мүмкін.

6. Осы Келісімде ештеңе де Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекеттің тұрақты мекемесіне немесе тұрақты базасына жататын компанияның пайдасына, осылайша есептелген осындай кез келген қосымша салық алдағы салық салынатын жылдағы қосымша салыққа ұшырамауы керек, осы пайданың 10 пайызынан аспайтын жағдайда осы Мемлекеттің ұлттық тұлғасы болып табылатын компанияның пайдасына есептеген салыққа қосымша салық салуға бөгет жасау ретінде ұғынылмайды. Осы тармақтың мақсаттары үшін пайда Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемеден немесе тұрақты базадан алынатын осы тармақта айтылған қосымша салыққа қарағанда өзге де, одан барлық салықтарды шегергеннен кейін анықталады.

11-бап

ПАЙЫЗДАР

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін пайыздарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай пайыздарға, сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы

Мемлекетте осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер пайыздардың болашақтағы нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, онда осылай алынған салық пайыздардың жалпы сомасының 10 пайызынан аспайды.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан:

- a) Қазақстанда пайда болатын пайыздар, егер олар:
 - i) Малайзия Үкіметіне;
 - ii) Малайзия Штаттарының үкіметтеріне;
 - iii) Малайзияның уәкілетті мемлекеттік органдарына;
 - iv) Малайзиялық жергілікті билік органдарына;
 - v) Малайзия Экспорт-Импорт Банкі Берхадқа;
 - vi) Малайзия Банкі Негараға; немесе

vii) Малайзия Үкіметінің толық иелігіндегі және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында оқтын-оқтын келісілуі мүмкін кез келген басқа ұйымдарға төленсе немесе тиесілі болса, Қазақстанда салықтан босатылады.

- b) Малайзияда пайда болатын пайыздар, егер олар:
 - i) Қазақстан Республикасының Үкіметіне;
 - ii) Қазақстанның орталық билік органдарына;
 - iii) Қазақстанның уәкілетті мемлекеттік органдарына;
 - iv) Қазақстанның жергілікті билік органдарына;
 - v) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіне; немесе

vi) Қазақстан Үкіметінің толық иелігіндегі және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында оқтын-оқтын келісілуі мүмкін кез келген басқа ұйымдарға төленсе немесе тиесілі болса, Малайзияда салықтан босатылады.

4. "Пайыздар" термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін қандай да болсын борыш талаптарынан алынатын табысты және атап айтқанда, үкіметтік бағалы қағаздардан алынатын табысты (Малайзия жағдайында), мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты (Қазақстан жағдайында) және осы бағалы қағаздар, облигациялар және міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықтар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын пайыздардың іс жүзіндегі иесі пайыздар пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме немесе тұрақты база арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса және пайыздар төлеуге негіз болып отырған борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға қатысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, 7-баптың және 15-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, пайыздар Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда егер пайыздар төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па - оған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте пайыздар төленетін қарыз пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай пайыздарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база төлейтін болса, онда мұндай пайыздар тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуы себепті төленетін борыш талабына қатысты пайыздардың сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде, төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда , төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес салық салынады.

8. Егер өзіне қатысты пайыздар төленетін борыш талаптарының жасалуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы борыш талаптарын жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап

РОЯЛТИ

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге, сондай-ақ ол пайда болатын және осы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ алушы, роялтидің болашақ нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. "Роялти" термині осы бапта пайдаланылған кезде бағдарламалық өнімді, кинематографиялық фильмдерді немесе радиоға немесе теледидарға арналған фильмдерді немесе пленкаларды қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым шығармаларына кез келген авторлық құқықты, кез келген патент, сауда белгісін, дизайнды немесе модельді, жоспарды, құпия формуланы не процесті пайдаланғаны үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық не ғылыми жабдықтарды пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін әрі өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат (ноу-хау) үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс

жүзіндегі иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме немесе тұрақты база арқылы кәсіпкерлік қызметпен айналысса және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, 7-баптың немесе 15-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па - оған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Мемлекетте пайда болды деп саналады.

6. Егер роялти төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары негізінде төленетін құқықты немесе ақпаратты пайдалануға тиісті роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес салық салынады.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты жасауға немесе беруге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқықтарды жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ СЫЙАҚЫ

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін техникалық қызметтерге сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай техникалық қызметтерге сыйақыға, сондай-ақ ол пайда болатын және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін, бірақ егер техникалық қызметтерге сыйақының нақты иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық техникалық қызметтерге сыйақының жалпы сомасының 10 пайызынан аспауға тиіс.

3. "Техникалық қызметтерге сыйақы" термині осы бапта пайдаланылған кезде техникалық, басқару немесе консультациялық сипаттағы кез келген қызметтерге төленетін сыйақы ретінде төлем жүргізетін қызметші тұлғаға қарағанда өзге кез келген

тұлғаға төлемнің кез келген түрін білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті бола отырып, техникалық қызметтерге сыйақының нақты иесі техникалық қызметтерге сыйақы пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме немесе тұрақты база арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса немесе осы екінші Мемлекетте тәуелсіз жеке қызметтерді көрсетсе және техникалық қызметтерге сыйақы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге немесе тұрақты базаға байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, 7-баптың немесе 15-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, техникалық қызметтерге сыйақы Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп саналады. Алайда егер техникалық қызметтерге сыйақы төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па - оған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте техникалық қызметтерге сыйақы төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі немесе тұрақты базасы болса және мұндай техникалық қызметтерге сыйақы бойынша шығыстарды осындай тұрақты мекеме немесе тұрақты база көтерсе, онда мұндай жағдайда, техникалық қызметтерге сыйақы тұрақты мекеме немесе тұрақты база орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп саналады.

6. Егер техникалық қызметтерге сыйақы төлеуші мен оның іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары төленген техникалық қызметтерге сыйақының сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде төлеуші мен оның нақты иесі келісуге болатындай сомадан қандай да бір себептер бойынша асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін міндетті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес салық салынуға тиіс.

14-бап

МҮЛІКТІ ШЕТТЕТУДЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫСТАР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-бапта анықталған, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті:

а) өз құнынан 50 пайыздан асатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен төте немесе жанама алынатын акцияларды шеттетуден алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін;

б) екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан негізінен жылжымайтын мүліктен немесе (а) тармақшада айтылған акциялардан тұратын активтердің серіктестікке немесе

трастка қатысу үлесін шеттетуден алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті немесе мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) немесе тұрақты базаны иеліктен айырудан алынған табыстарды қоса алғанда, тәуелсіз жеке қызметтер көрсету мақсаттары үшін екінші Уағдаласушы Мемлекетте Уағдаласушы Мемлекет резидентінің иелігіндегі жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Осы баптың бұрынғы тармақтарында айтылғаннан өзге кез келген мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға резиденті мүлікті иеліктен айырушы тұлға болып табылатын тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

15-бап

ТӘУЕЛСІЗ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. 13-баптың ережелерін ескере отырып, кәсіби қызметтерге немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметтерге қатысты Уағдаласушы Мемлекеттің жеке тұлғасы - резиденті алатын табысқа мынадай:

а) мұндай қызметтер екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын немесе жүзеге асырылған және алынған кіріс осы екінші Мемлекетте тұрақты түрде жеке тұлғаның өз иелегінде бар немесе болған тұрақты базаға жататын; немесе

б) оның осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте болуы кез келген 12 ай кезеңде жалпы саны 183 күнге тең немесе асатын кезеңді немесе кезеңдерді құрайтын жағдайларды қоспағанда, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

Мұндай жағдайда, осы екінші Мемлекетте орындалған оның қызметінен тек осындай жағдайда алынған кіріске осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. "Кәсіби қызметтер" термині, атап айтқанда, тәуелсіз ғылыми, әдеби, артистік, білім беру немесе оқытушылық қызметті, сондай-ақ дәрігерлердің, заңгерлердің, инженерлердің, сәулетшілердің, тіс дәрігерлерінің және бухгалтерлердің тәуелсіз қызметін қамтиды.

16-бап

ТӘУЕЛДІ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. 17, 19, 20, 21 және 22-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған қызметақыға, жалақыға және басқа да осындай сыйақыға, егер жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатынын қоспағанда, тек осы Мемлекетке ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, онда осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалған жалданып жұмыс істеуіне байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға салық, егер:

а) алушы тиісті күнтізбелік жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген 12 айлық кезеңде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы осы екінші Мемлекетте болса;

б) сыйақы осы екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы немесе жалдаушының атынан төленсе;

с) сыйақыны төлеу жөніндегі шығыстарды жалдаушының осы екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі көтермесе, тек алғашқы айтылған Мемлекетте салынады.

3. Осы баптың мұның алдындағы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын жалдау жұмысына қатысты алынған сыйақыға салық осы Мемлекетте салынуы мүмкін.

17-бап

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ҚАЛАМАҚЫЛАРЫ

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның директорлар кеңесінің немесе оған ұқсас органның мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақыларына және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

18-бап

АРТИСТЕР МЕН СПОРТШЫЛАР

1. 7, 15 және 16-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асырған жеке қызметіне қатысты табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес басқа тұлғаға есептелсе, онда бұл табысқа, 7, 15 және 16-баптардың ережелеріне

қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Егер бұл Мемлекетке тура немесе жанама сапар екінші Уағдаласушы Мемлекеттің, оның саяси құрылымдарының, орталық және жергілікті билік органдарының немесе уәкілетті органының қаражатынан толық немесе айтарлықтай деңгейде қаржыландырылса, 1 және 2-тармақтардың ережелері, Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асырылатын қызметтен алынған сыйақыға немесе пайдаға қолданылмайды.

19-бап

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР ЖӘНЕ АННУИТЕТТЕР

1. 20-баптың 2-тармағының ережелеріне сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне өткерген еңбегі үшін төленетін зейнетақылар мен басқа ұқсас төлемдерге және мұндай резидентке төленетін кез келген аннуитеттерге осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. "Аннуитеттер" термині ақша немесе құны түрінде балама және толық өтеу орнына төлем жүргізу міндеттемесіне сәйкес өмір бойы немесе белгілі бір не белгіленетін уақыт кезеңінде мерзімді түрде белгіленген мерзімде жеке тұлғаға төленетін тіркелген соманы білдіреді.

20-бап

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

1. а) Жеке тұлғаға осы Мемлекет, оның саяси бөлімшелері немесе орталық және жергілікті билік органдары не уәкілетті органы үшін жүзеге асырған қызметі үшін Уағдаласушы Мемлекет не оның саяси бөлімшелері немесе орталық және жергілікті билік органдары не уәкілетті мемлекеттік органы төлейтін зейнетақыға қарағанда өзге қызметақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда мұндай қызметақыға, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және:

(i) осы Мемлекеттің ұлттық азаматы болып табылатын; немесе
(ii) қызметті жүзеге асыру мақсаты үшін ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған жеке тұлға осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, тек екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Жеке тұлғаға осы Мемлекет немесе оның саяси бөлімшелері, орталық және жергілікті билік органдары не уәкілетті органы үшін жүзеге асырған қызметіне қатысты Уағдаласушы Мемлекет немесе Уағдаласушы Мемлекет не оның саяси бөлімшелері, орталық және жергілікті билік органдары немесе уәкілетті органы құрған

қорлардан төленетін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

3. 16, 17 және 19-баптың ережелері Уағдаласушы Мемлекет, оның саяси бөлімшелері немесе орталық және жергілікті билік органдары не уәкілетті органы жүзеге асыратын коммерциялық қызметке байланысты қызметке қатысты төленетін қызметақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақы мен зейнетақыларға қолданылады.

21-бап

СТУДЕНТТЕР ЖӘНЕ ПРАКТИКАНТТАР

Екінші Уағдаласушы Мемлекетке келер алдында тікелей Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын және екінші Мемлекетте уақытша болатын жеке тұлғаға:

a) осы екінші Мемлекеттің ресми танылған университетінің, колледжінің, мектебінің немесе өзге ұқсас танылған оқу орынының студенті ретіндегіні;
b) өндірістік немесе техникалық стажер ретіндегіні; немесе
c) негізінен білім алу, зерттеу жүргізу немесе практикадан өту мақсаттары үшін Мемлекет Үкіметінен немесе ғылыми, білім беру, діни немесе қайырымдылық ұйымынан немесе Мемлекет Үкіметі жүзеге асыратын техникалық жәрдем бағдарламасы бойынша грант, стипендия немесе сыйлық алушы ретіндегіні қоспағанда,
м ы н а л а р ғ а :

(i) оның тіршілік ету, оқу, білім алу, зерттеу жүргізу немесе практикадан өту мақсаттары үшін шетелден аударылатын барлық ақша аударымдарына; және

(ii) мұндай гранттар, стипендиялар немесе сыйлықтар сомасына,
немесе оларға кез келген қолданатын сомаға осы екінші Мемлекетте салық салынбайды.

22-бап

БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

Осы Келісімнің өткен баптарында айтылмаған Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті табыстарының түрлеріне, егер мұндай табыс осы екінші Мемлекетте де салық салынуы мүмкін екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі көздерден алынған жағдайды қоспағанда, осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

23-бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ

1. Қазақстан салығынан Қазақстаннан басқа кез келген елде төлеуге тиісті салық сомасын шегеруге рұқсатты көздейтін Қазақстан заңнамаларының ережелерін ескере отырып, Малайзиядан алған табысына қатысты Қазақстан резиденті Малайзия заңнамаларына сәйкес және осы Келісімге сәйкес Малайзия салығын осы табысқа

қатысты төлеуге жататын Қазақстан салығынан шегеруге рұқсат етіледі. Алайда мұндай шегерім көрсетілген шегерім берілгенге дейін мұндай табысқа есептелетін Қазақстан салығының сол бөлігінен аспауы қажет.

2. 1-тармақтың мақсаты үшін "Төлеуге тиесілі Малайзия салығы" термині Малайзия заңнамаларына сәйкес және осы Келісімге сәйкес Малайзиядағы көздерден алынатын кез келген табыстан төлеуге тиісті Малайзия салығы, егер мұндай табысқа төмендетілген ставка салынбаса немесе осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Малайзия салығынан және осы Келісімге қол қойылған күні күшінде болған Малайзияның экономикалық дамуына жәрдемдесуге арналған Малайзия заңнамаларында немесе ұқсас сипаты бар ережелер ретінде Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген көрсетілген заңнамаларға өзгеріс не оған толықтыру енгізу үшін Малайзияда кейін енгізілуі мүмкін кез келген басқа ережелерде көзделген арнайы жеңілдіктерден босатылса, негізгі болып саналады.

3. Малайзия салығынан Малайзиядан басқа кез келген елде төлеуге тиісті салық сомасын шегеруге рұқсатты көздейтін Малайзия заңнамаларының ережелерін ескере отырып, Қазақстанда алған табысына қатысты Малайзия резиденті Қазақстан заңнамаларына сәйкес және осы Келісімге сәйкес Қазақстан салығын осы табысқа қатысты төлеуге жататын Малайзия салығынан шегеруге рұқсат етіледі. Алайда мұндай шегерім көрсетілген шегерім берілгенге дейін мұндай табысқа есептелетін Малайзия салығының сол бөлігінен аспауы қажет.

4. 3-тармақтың мақсаты үшін "Төлеуге тиесілі Қазақстан салығы" термині Қазақстан заңнамаларына сәйкес және осы Келісімге сәйкес Қазақстандағы көздерден алынатын кез келген табыстан төлеуге тиісті Қазақстан салығы, егер мұндай табысқа төмендетілген ставка салынбаса немесе осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстан салығынан және осы Келісімге қол қойылған күні күшінде болған Қазақстанның экономикалық дамуына жәрдемдесуге арналған Қазақстан заңнамаларында немесе ұқсас сипаты бар ережелер ретінде Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдарымен келісілген көрсетілген заңнамаға өзгеріс не оған толықтыру енгізу үшін Қазақстанда кейін енгізілуі мүмкін кез келген басқа ережелерде көзделген арнайы жеңілдіктерден босатылса, негізгі болып саналады.

24-бап

КЕМСІТПЕУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары нақ осындай жағдайларда осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары негізінен резиденттікке қатысты ұшырайтын салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе соған байланысты міндеттемеге екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамайды.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі тұрақты мекемесіне салық салу ұқсас осындай қызметті жүзеге асыратын осы екінші Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға қарағанда осы екінші Мемлекетте неғұрлым қолайлы болуы тиіс.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының немесе 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялтилер және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне ұқсас кез келген берешегі осындай кәсіпорынның салық салынатын капиталын анықтау мақсатында бірінші айтылған Мемлекеттің резидентіне берешекті нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

4. Капитал екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей не жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны бірінші айтылған Мемлекетте салық салуға немесе бірінші айтылған Мемлекеттің басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салу мен онымен байланысты міндеттемелерге қарағанда онымен өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салу немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге бірінші айтылған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

5. Осы баптың ережелері екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне өз резиденттеріне беретін олардың азаматтық мәртебесі немесе отбасылық міндеттемелері негізінде салық салу үшін кез келген жеке салық жеңілдіктерін, жеңілдіктерді және шегерімдерді беру Уағдаласушы Мемлекетті міндеттейтіндей пайдаланылмауы қажет.

25-бап

ӨЗАРА КЕЛІСУ РӘСІМІ

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңдарында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резидент болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына немесе егер оның ісі 24-баптың 1-тармағына түссе, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы бірінші хабарлама берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттандырыллық шешімге келе алмаса, осы Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі басқа Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмәнді өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Олар, сондай-ақ, осы Келісімде көзделмеген жағдайларда, қосарланған салық салуды болдырмау үшін де бір-бірімен консультация ө т к і з е а л а д ы .

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өткен тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады.

27-бап

АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау үшін немесе осы Келісім қолданылатын салықтарды төлеуден жалтаруға жол беру немесе оны анықтау не болдырмау үшін қажетті ақпараттарды алмасады. Мұндай алмасу арқылы алынған кез келген ақпарат құпия болып саналады және осы Келісім қолданылатын салықтарға қатысты шағым беру жөніндегі шешімдер себепті не оны қабылдау бойынша шағымдарды бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлі өндіріліп алумен немесе сот қудалауымен немесе қараумен байланысты тұлғаларға немесе органдарға (соттарды немесе бақылау органдарын қоса алғанда) ғана хабарланады.

2. Ешқандай жағдайда 1-тармақтың ережелері Уағдаласушы Мемлекеттерге:

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына немесе әкімшілік іс-тәжірибесіне қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік іс-тәжірибесі барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да болмасын сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпаратты немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа қайшы келуі мүмкін ақпаратты беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада пайдаланылмайтын болады.

28-бап

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕР МЕН

КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

Осы Келісімнің ешқандай ережесі дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер қызметкерлерінің халықаралық құқықтың жалпы нормалары беретін немесе

арнайы халықаралық келісімдердің ережелеріне сәйкес берілетін артықшылықтар сияқты салық артықшылықтарын қозғамайды.

29-бап

ҚАЙТА ҚАРАУ, ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУ

Уағдаласушы Тұлғалардың кез келгені жазбаша нысанда осы Келісімді толық немесе ішінара қайта қарау, өзгерту немесе оған толықтыру енгізуді сұрай алады. Кез келген қайта қарауға, өзгертуге және толықтыруға Уағдаласушы Мемлекеттер Хаттама арқылы келіседі және ол осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Кез келген қайта қарау, өзгерту немесе толықтыру осы Келісім қабылданған алдындағы күні немесе мұндай қайта қарау, өзгертулер мен толықтырулар енгізілген күні пайда болған немесе оған негізделетін құқықтар мен міндеттемелерге зиянын тигізбеуі тиіс. Мұндай қайта қарау, өзгерту және толықтыру олардың күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді Уағдаласушы Мемлекеттердің орындауы туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

30-бап

КҮШНЕ ЕНУІ

1. Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік рәсімдерді орындауы туралы соңғы хабарламаны алған күннен бастап 30-шы күні күшіне енеді.

2. Осы Келісім:

а) Қазақстанда:

(i) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан бастап немесе одан кейін алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

(ii) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі екінші күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейін басталатын салық жылына қатысты табысқа салынатын басқа да салықтарға қатысты;

б) Малайзияда:

(i) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі кез келген жыл үшін салық салуға жататын мұнай табыс салығына қарағанда өзге Малайзия салығына қатысты;

(ii) осы Келісім күшіне енген жылдан кейінгі екінші күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі кез келген жыл үшін салық салуға жататын мұнай табыс салығына қатысты қолданылады.

31-бап

ӘРЕКЕТ ЕТУІН ТОҚТАТУ

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның әрекет етуін тоқтатпайынша күшінде қала береді. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет Келісім күшіне енген күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда әрекет етуін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлама жібере отырып, Келісімнің әрекет етуін тоқтата алады. Мұндай жағдайда,
К е л і с і м :

а) Қ а з а қ с т а н д а :

(i) әрекет етуін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе одан кейін алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қ а т ы с т ы ;

(ii) әрекет етуін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі екінші күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан немесе одан кейін басталатын салық кезеңдері үшін б а с қ а д а с а л ы қ т а р ғ а қ а т ы с т ы ;

б) М а л а й з и я д а :

(i) әрекет етуін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі кез келген жыл үшін салық салуға жататын мұнай табыс салығына қарағанда өзге Малайзия салығына қатысты;

(ii) әрекет етуін тоқтату туралы хабарлама берілген жылдан кейінгі екінші күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе одан кейінгі кез келген жыл үшін салық салуға жататын мұнай табыс салығына қатысты өзінің әрекет етуін тоқтатады.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

_____ жылғы _____ айының _____ күні қазақ, малай, ағылшын және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данада жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін айқындалушы болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

МАЛАЙЗИЯ
ҮКІМЕТІ ҮШІН

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Малайзия Үкіметінің арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге қол қойған кезде екі Үкімет мынадай ережелер осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатынына уағдаласты.

2-баптың 3 (b) тармағына қатысты:

Малайзия жағдайында, табыс салығы 3-баптың 1 (с) тармағында белгіленген кез келген тұлғалардан алынады.

7-баптың 1-тармағына қатысты:

осы Келісімде ештеңе Уағдаласушы Мемлекетке осы Мемлекетте тауарларды немесе бұйымдарды сатудан, сондай немесе ұқсас сипатта тұрақты мекеме арқылы сатудан немесе осы басқа Мемлекетте жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметтен, сондай немесе ұқсас сипатта тұрақты мекеме арқылы жүзеге асырылатын қызметтен, мұндай сатудың немесе қызметтің мұндай тұрақты мекеменің салық міндеттемесін анық азайту мақсатында тұрақты мекеме арқылы жүргізілмеуі шартымен, алынған пайдаға салық өндіріп алуға кедергі болмайды.

Осыны куәландыру ретінде, тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

_____ жылғы _____ айының _____ күні қазақ, малай, ағылшын және орыс тілдерінде әрқайсысы екі данада жасалды, барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

МАЛАЙЗИЯ

ҮКІМЕТІ ҮШІН

ҮКІМЕТІ ҮШІН